



Республика күні-ортақ қуаныш, ұлт мерейі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында өңдеу саласына көбірек қаражат тарту қажеттігін атап өтті. «Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс», деді Президент. Сондай-ақ Жолдауда экономиканы әртараптандырудың тың қарқынмен жалғастыру, ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру қажеттігі айтылды. Осы орайда Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровпен Жолдау жүктеген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында қолға алынған, атқарылып жатқан және жоспарланған жұмыстар төңірегінде әңгіме өрбіткен едік.



Нұралхан КӨШЕРОВ:

Түркістан өндірісі дамыған өңірлер қатарынан табылады

Республикалық бюджетке тәуелділік 25 пайызға дейін төмендейді

- Соңғы жылдары Түркістан облысының экономикалық дамуы қарқынды, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Алдағы уақытқа қойылған мақсат-міндеттер де ауқымды, осы жөнінде кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– Иә, расында да, облыстың экономикалық әлеуеті соңғы жылдары едәуір артты. Бұл–Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес өңірлік экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау және инфрақұрылымды жаңғырту бағытында атқарылған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Алдымызға қойған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру бағытында өзіндік кірістерді көбейту үшін өндірісті дамытып, экономикаға инвестиция тартуымыз қажет. Өңір экономикасының дамуына жаңа серпін беретін 111 инвестициялық жоба пұлын қалыптастырдық. Негізгі басымдық ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, энергетика және туризм салаларын айқындадық. Осы жобаларды іске асыру есебінен алдағы 10 жылда өзіндік кірістерді 1,1 трлн теңгеге жеткізуді жоспарлап отырмыз. Нәтижесінде, республикалық бюджетке тәуелділікті 80 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетеміз. Яғни алдағы жылдары облысты әлеуметтік инфрақұрылымы қалыптасқан, экономикалық дамуы тұрақты және өзін қам-

тамасыз ететін бәсекелестігі жоғары өңірге айналдыруға күш саламыз. Оған барлық мүмкіндік бар.

Президент 2025 жылы жалпы экономиканың 7% өсімін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Осы межеге жету жолында Түркістан облысы айтарлықтай ілгері қадам жасап келеді. Өткен жылы облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 4,7 трлн теңгеге жетіп, өсім 110% деңгейінде болды. Биылғы жылы даму қарқыны сақталды. Қысқа мерзімде экономикалық өсім 115,8%-ды құрады. Бұл–республикадағы ең жоғары көрсеткіштің бірі.

Барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерде тұрақты өсім қалыптасты. Негізгі өсім өнеркәсіп, құрылыс, сауда және көлік-логистика салалары есебінен болып отыр. Индикатор, яғни көрсеткіштер межесіне қол жеткізу, оның орындалуын бақылау мақсатында арнайы рейтингтік бағалау жүйесін енгіздік. Рейтингік бағалауға 9 негізгі бағыт бойынша 89 индикатор енгізілді. Арнайы есептеу әдістемесі әзірленді. Барлық индикатор аудан, қала және салалық басқармалар кесіндісінде бөлініп жасалды. Яғни аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларынан бастап маманға дейін индикатор жоспарынан жақсы хабардар. Тоқсан сайын бағалау жүргізіледі.

-Түркістан облысы инвестиция тарту қарқыны бойынша елімізде алдыңғы қатарда. Өңірге тартылатын инвестицияның нақты көлемі қандай? Бұл қаражаттың негізгі бөлігі қай салаларға бағытталады?

– Иә, тартылған инвестиция көлемі бойынша республикада алғашқы бестіктеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы халыққа арналған Жолдауында инвестициялық жобаларды толық беріп, шикізат секторынан өңдеу саласына көбірек қаржы тарту керектігін атап өтті. Бұл бағытта өңірімізде ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Жалпы, 8 айда облыс экономикасына 783 млрд теңге инвестиция бағыттанып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 125 пайызға өсті. Қаржының басым бөлігі 59,3%-ы, яғни 464,4 млрд теңге жеке инвестицияға тиесілі.

Облыс экономикасының дамуына серпін беретін, құны 2,6 трлн теңгені құрайтын инвестициялық жобаларды толық іске асыру нәтижесінде 24 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, бюджетке қосымша 100 млрд теңге салық түседі деп көзделіп отыр. Оның ішінде, осы жылы құны 331 млрд теңгені құрайтын 57 инвестициялық жобаны іске асырып, 8 174 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Биылғы 8 айда 33 жоба іске қосылып, 4 793 жұмыс орны ашылды.

- Президент 2025 жылды - «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Облыста еңбек ресурсы жетерлік. Бірақ жұмысшы мамандық тапшылығы бар. Осы мәселе бойынша қандай жұмыс атқарылып жатыр?

–Ел экономикасының дамуына, жұмыссыздықты азайтуға, өндірістің жетілдіруіне тікелей ықпал жасайтын жұмысшы мамандықтың рөлі айрықша. (Жалғасы 2-бетте).

Құттықтау!

Халық тағдырындағы тарихи белес

Құрметті жерлестер!

Қадірлі аудан тұрғындары!

Баршаңызды 25 қазан ел мерейін асқақтататын Ұлттық мереке-Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн–Тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуының бастауы, халқымыздың тағдырындағы тарихи белес. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы–еліміздің тәуелсіздігіне жол ашқан аса маңызды саяси-құқықтық құжат болды. Сол арқылы халқымыз өзінің ғасырлар бойғы арманына–егемен ел болуға нық қадам жасады. Бүгінде Қазақстан Республикасының жетістігі мен өркендеуі–барша-мыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Әр азамат ел дамуына үлес қосып, Отанымыздың болашағына сеніммен қарайды. Тұрақтылық пен бірліктің арқасында мемлекетіміз әлемдік аренада биік белестерді бағындырды.

Құрметті жерлестер!

Республика күні–әрқайсымызға елдік пен бірліктің, тәуелсіздік пен жауапкершіліктің маңызын сезіндіретін мереке. Осы орайда Сіздерге зор денсаулық, амандық пен татулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз! Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

**Құрметпен,
М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі,
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихат төрағасы.**

Тәуелсіздіктің бастауы-Республика күні

25 қазан–халқымыздың тарихи тағдырына алтын әріппен жазылған ұлы күн. Бұл күн–ел еркіндігінің, мемлекет мерейінің бастауы, азаттыққа апарған айқын жолдың алғашқы қадамы. 1990 жылы дәл осы күні қабылданған Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы–тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіткен тарихи құжат. Ол халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманының жүзеге асқан сәтін айқындап берді. Республика күні–елдігіміздің нышаны, рухымыздың мерейлі мерекесі. Бұл күн–әр азаматтың жүрегінен отансүйгіштік сезімді оята-тын, егемендіктің мәні мен маңызын ұғындыратын қасиетті дата. Бүгінде Қазақстан-халықаралық беделі биік, бейбітшілік пен келісімді ту еткен, экономикасы тұрақты мемлекет. Бұл жетістік – ұлттың бірлігі мен ел басшылығының сарабал саясатының жемісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей: «Республика күні–мемлекеттілігіміздің, елдігіміздің бастауы. Бұл мереке әрбір азаматтың бойында егемен елдің перзенті екендігіне деген мақтаныш сезімін ұялатады».



Созақ жұрты–ел тарихында өзіндік орны бар қасиетті өңір. Батырлық пен еңбектің, бірлік пен берекенің үлгісін көрсетіп келе жатқан аудан халқы үшін Республика күні–өткенге тағзым, болашаққа сенім нышаны. Бүгінгі ұрпақтың міндеті–осы тәуелсіздіктің қадірін біліп, ел өртеңі үшін еңбек ету. Бірлігіміз бекем, еңсеміз биік болсын! Еліміздің көк туы мәңгі желбіреп, Созақ даласында да еркіндіктің үні ұзағынан естілсін!

**А.БАБИЕВ,
Созақ аудандық «Ауыл» партиясы аумақтық ұйымының төрағасы.**

Түркістан өндірісі дамыған өңірлер қатарынан табылады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сондықтан да, Президентіміздің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп шешім қабылдауы еліміз үшін аса маңызды қадам. Облыста 50 колледжде 45 450 студент 84 мамандық бойынша білім алады. Оның ішінде, 33 колледж 43 жұмысшы мамандығы бойынша 16 000 студентті оқытады. 2024–2025 оқу жылында колледждерге жалпы 15 525 мемлекеттік тапсырыс жарияланса, оның басым көпшілігі – 8 678-і жұмысшы мамандықтар (55,9%). Ал биыл жаңа оқу жылына қосымша 9 600 студент жұмысшы мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырысқа ие болды.

Облыста іске асырылатын ірі жобалар бойынша 2 290 жұмысшы мамандығы қажет. Біз, 2025 оқу жылында бітіруші 8 364 жұмысшы мамандығын осы жобаларға бағыттап жатырмыз. Бұдан бөлек, жаңа инвестициялық жобалар бойынша 11 мамандық тапшылығы айқындалды. Бұл орайда агроөнеркәсіп, энергетика және техникалық, құрылыс саласы бойынша мамандықтарға лицензия алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта колледждерде өңірге қажетті жұмысшы мамандықты даярлауға көшетін боламыз.

Үш кластерлік бағыт өркендетіледі

- Экономиканы дамытудағы тиімді тәсілдердің бірі - кластерлік даму екені белгілі. Оңтүстік өңірінде әр кездері әрқилы кластерді дамыту туралы бастамалар қолға алынған болатын. Мысалы, мақта-тоқыма кластері туралы жиі айтылады. Бүгінгі таңда облыстың қай салаларында кластерлік дамыту жүйесін енгізу жоспарланып отыр?

– Өңіріміздің демографиялық өсімі жоғары, яғни 2 млн-нан астам адам тұрады. Халықтың 80 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан. Негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы. Облыстың географиялық және климаттық ерекшелігін ескере отырып, 3 кластерлік бағытты дамытуды қолға алдық. Облыс елімізде мақта өсіретін жалғыз өңір. Біз арнайы сарапшылармен талдау жасадық. Мақтаны дәстүрлі әдіспен игеру есебінен гектарынан 25 центнер жиналған. Яғни өнімділік төмен. Оның үстіне суды көп тұтынады. Осыған орай жаңа әдіспен заманауи технологияны қолдана отырып, мақта-тоқыма кластерін дамытуды жоспарлап отырмыз. Бұл орайда жалпы құны 201 млрд теңгені құрайтын 5 жоба іске асырылып жатыр. Қуаттылығы жылына 229,5 мың тонна, 7 000 жаңа жұмыс орны ашылады.

Тарқата айтсақ, қытайлық «Lihua» компаниясымен бірлесіп, Түркістан қаласында мақта өңдеу кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Жоба құны –146,8 млрд теңге. Қуаттылығы жылына 13 мың тонна иірілген жіп, 50 млн метр мата, 7 млн дана жиынтық төсек бұйымын шығарады. 4 000 жұмыс орны құрылады. Жоба бойынша мақта өңдеуден дайын бұйым шығаратын толық өндірістік циклді қамтамасыз етеді. Өткен жылы қанатқақты жоба ретінде Отырар ауданында 32 мың гектарға жаңа әдіспен мақта егілді. Нәтижесінде, гектарынан 60 центнерден өнім жиналды. Сондай-ақ су үнемдеу технологиясын қолдану есебінен ағын су 2 есе үнемделді. Осы жылдың соңына дейін мақта өңдеу және жіп иіру фабрикасы іске қосылады.

Сондай-ақ жүгері кластері бағытында Шардара ауданында «Қазкрахмал» зауыты салынып жатыр. Жоба құны 14 млрд теңге. Қуаттылығы-жылына 150 мың тонна жүгеріні терең өңдеп, 26 түрлі өнім шығарылады, 500 жұмыс орны ашылады. Бүгінде зауыттың құрылысы мен жабдықтарды орнату жұмысы аяқталу үстінде. Жобаны іске асыру есебінен жүгері алқабының көлемін 40 мың гектардан 2030 жылы 70 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда. Нәтижесінде, 665 мың тонна жүгері жинау көзделіп отыр.

Облысымыз республикада ет экспорты бойынша көшбасшы. Ірі қара мал етінің 80 пайызы, қой етінің 75 пайызы

облысқа тиесілі. Осы орайда ет экспортының әлеуетін ескере отырып, ет кластері бағытында 7 жобаны іске асырудамыз. Жоба құны 50 млрд теңге, қуаттылығы 35 мың тонна, 802 жұмыс орны ашылады. Бүгінгі таңда «Kaz Eco Meat» және «Бесқара» ет өңдеу кешендері іске қосылды. Бұл қосымша 35 мың тонна ет өңдеуге мүмкіндік береді, инвестиция көлемі 5,6 млрд теңге, 150 жұмыс орны ашылады.

Жалпы, 3 кластерді дамыту нәтижесін есептеп шықтық. 2026 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі қосымша 558 млрд теңгеге көбеюі күтіледі. Оның ішінде, жеңіл өнеркәсіп қосымша 220 млрд теңгеге (4 есе), ауыл шаруашылығы 338 млрд теңгеге (1,5 есе) өседі. Егер 2024 жылы жалпы өңірлік өнім құрылымында уран өндірісіне 63,7 пайызы тиесілі болса (783 млрд теңге), тамақ өндірісі – 11,6 пайыз (140,5 млрд теңге), жеңіл өнеркәсіп–3,5 пайызды (42 млрд теңге) құраған. Ал кластерлік жобаларды іске асыру нәтижесінде жеңіл өнеркәсіп үлесі 14 пайызға (220 млрд теңге), тамақ өндірісі – 17 пайызға (783 млрд теңге) жететін болады.

Ауылды дамыту басымдығы

- Жоғарыда облыс халқының 80 пайызы ауылдық жерлерде тұратынын айтып өттіңіз. Ауыл тұрғындарының тұрмыс-жағдайы қалай?

–Қазақтың жаны, дәстүрі мен болмысының қайнар көзі ауылды дамыту-біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық саясатының басты стратегиялық бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа президенттік мерзімдегі алғашқы тапсырмаларының бірі-ауылды дамыту, халықтың табысын арттыру және жұмыспен қамтуды күшейту. Бұл бастама ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуға, олардың өз кәсібін ашып, табыс табуына мүмкіндік беруді көздейді.

Аудан, қала тұрғындарымен кездесу барысында инфрақұрылым мәселесі жиі көтеріледі. Біз халықтың сұранысына және бюджеттің мүмкіншілігіне қарай ол мәселені кезең-кезеңімен жоспарлы түрде шешіп келе жатырмыз. Елді мекендерді ауызсумен қамту деңгейі 95 пайыз немесе 763 елді мекен қамтылған. Осы жылы 30 елді мекенге жаңадан ауызсу құбырын жүргізіп, 11 елді мекеннің тозған жүйелері жаңартылады. Табиғи газ өткен жылы 53 елді мекенге тартылып, жалпы қамтылған елді мекендер саны 563-ке жетті. Халықты табиғи газбен қамту көрсеткіші 85,5 пайызды құрады. Биыл қосымша 37 елді мекен газға қосылып, халықтың қамтылуын 88,9 пайызға жеткіземіз. Орталықтандырылған электр қуатымен облыстың барлық дерлік елді мекені қамтылған. Шалғай орналасқан шағын ауылдарды қоспағанда. Олар баламалы электр қуатымен қамтамасыз етілген. Кезең-кезеңімен тозған жүйелерді жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өткен жылы 44 елді мекеннің желілері жаңартылды. Биылғы жылы қосымша 22 елді мекен жаңғыртудан өтеді. Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының қанағатты жағдайдағы үлесі 93,7 пайызды құрайды. Биыл 289 нысан немесе 1 236 шақырым жол құрылыс-жөндеу жұмысы жүргізіліп, пайдалануға беріледі. Қанағатты жағдайдағы жолдың үлесін 94,7 пайызға жеткіземіз.

Әлеуметтік қамсыздандыруға тоқталатын болсақ, өздеріңізге белгілі, облыста туу көрсеткіші жоғары. Көпбалалы отбасылардың төрттен бірі өңірімізге тиесілі. Сол себептен де, облыста әлеуметтік көмекке тұрғындарымыз көптеп жүгінеді. Дегенмен, әр отбасыға талдау жасап, белсенді жұмыспен қамту шараларын ұсыну есебінен соңғы 3 жылда атаулы әлеуметтік көмек алушылар санын 2 есеге азайтуға қол жеткіздік. Нәтижесінде, кедейшілік деңгейі 9,4 пайыздан 4,4 пайызға дейін төмендеді. Осы жылы олардың санын 76 мыңға немесе 2,7 пайызға кемітуді жоспарлап отырмыз.

Жыл басынан 130 мың жаңа жұмыс орны ашылып, жұмыссыздық деңгейі

4,7 пайыз деңгейінде қалыптасты. Облыста жалпы 1 438 балабақша жұмыс істейді, 155 мың бала тәрбиеленеді, 2-6 жастағы балаларды қамту деңгейі 99 пайызды құрады. Ал 1 093 мектепте 549 мың оқушы білім алады. Облыстық бюджет есебінен 17 мектеп құрылысы жүргізіліп жатыр. Жыл қорытындысымен 2 мектеп пайдалануға тапсырылады. Қалғаны келесі жылға өтпелі. «Келешек мектептері» жобасы аясында қуаттылығы 23 000 орындық 29 мектеп құрылысы жоспарланған. Оның ішінде, 21 мектеп пайдалануға тапсырылды, 8 мектеп құрылысы жыл соңына дейін аяқталады. Денсаулық сақтау саласында жалпы 199 медициналық ұйым халыққа қызмет көрсетеді. Ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау нысандарын жаңғыртуға үлкен назар аударылып отыр. Өткен жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста жаңа 49 нысан салынып, пайдалануға берілді. Облыстық бюджет күшімен қосымша жаңа 32 фимарат жыл соңына дейін тапсырылады. Бұдан бөлек, Қазығұрт, Сарығаш және Шардара аудандық орталық ауруханалары күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Сондай-ақ жедел жәрдем қызметі сапасын арттыру мақсатында 60 арнайы автокөлік сатып алынды.

-Руханият ордасы дерлік мәдениет үйлерінің халі нешік? Инфрақұрылыммен, ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету деңгейі қандай?

–Облыстағы 24 музейге келушілер саны 205 178 адамды құрап, өткен жылғы 9 аймен салыстырғанда 5%-ға артып отыр. Биыл музейлерде 2 167 жәдігер жинақталып, жалпы жәдігер саны 178 134-ке жеткен. Қазіргі уақытта облыста 388 кітапхана халыққа қызмет көрсетеді. Жалпы, кітап қоры 6 054 726 данаға жетіп отыр. Кітапханадағы оқырман саны 351 096 адамды құрап, 2024 жылғы 9 аймен салыстырғанда 2,5%-ға артқан. Облыс бойынша биыл «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында 7 мәдениет нысанында құрылыс жұмысы жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар биыл 9 нысанның құрылыс жұмысына қаржы бөлініп, 2026 жылы пайдалануға беру көзделген. Жергілікті бюджет есебінен Түркістан қаласында 500 орындық мәдениет үйі пайдалануға берілді. Жалпы, өңірде мәдени нысандардың қатары артып келеді. Мысалы, жуырда Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округіне қарасты Ж.Қалшораев елді мекенінде жаңа мәдениет үйі мен кітапхана ел игілігіне берілді.

Мемлекет басшысы цифрлық теңсіздікті жоюды, ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде айқындады. Бұл тапсырма Түркістан облысының даму стратегиясымен толық үйлеседі. Облыстағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бүгінде облыстық білім басқармасына қарасты 1 000-ға жуық мемлекеттік мектептің барлығы интернет желісіне қосылған. Өңірдің 300-ге жуық білім ұясында Starlink спутниктік интернет желісі елімізде алғашқылардың бірі болып орнатыла бастады. Сонымен қатар «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында пайдалануға берілген жаңа мектептер толығымен талшықты-оптикалық желіге қосылды.

Осы бағытта биыл облыс әкімдігі мен «Қазақтелеком» АҚ арасында «Түркістан облысында байланыс және интернетті дамыту жөніндегі өзара іс-қимыл туралы» меморандумға қол қойылды. Бұл жоба 2025–2027 жылдар аралығында 372 ауылдық елді мекенді талшықты-оптикалық интернет желісімен қамтуды көздейді. Оның ішінде 274 ауыл мектебі мен 258 медициналық нысан толық интернетке қосылады. Облысымыздағы аудан және қала орталықтарындағы медициналық мекемелерінде интернет желісімен толығымен қамтамасыз етіліп, кедергісіз жұмыс істейді.

Кейбір шалғай және таулы аймақтардағы ауылдық елді мекендерде

оптикалық (кабельді) интернет жүйесі тартылмағанымен медициналық мекемелерде спутниктік және мобильді роутердің көмегімен қызметтер көрсетеді. Қазіргі уақытта, ауылдық медициналық мекемелері 85% интернет желісімен қамтамасыз етілген. «Қолжетімді интернет» Ұлттық жобасы бойынша 2025–2027 жылдары аралығында облыс аумағындағы ауылдық елді мекендерге талшықты-оптикалық интернет желісімен қамтамасыз етіледі. Осы жоба аясында шалғай аймақтарда орналасқан 258 медициналық нысанға талшықты-оптикалық интернет желісі тартылады. Біздің басты мақсатымыз–әрбір ауыл тұрғыны, әрбір бала мен мұғалім, әрбір дәрігер заманауи цифрлық мүмкіндікті толық пайдалана алатын орта қалыптастыру. Түркістан өңірі цифрландыру ісінде республикадағы көшбасшы аймақтардың біріне айналады деп сенеміз.

-Түркістанның басты жәдігері, туристік нысан - Әзірет сұлтан кесенесі қабырғаларының ылғалданып, көгеруіне байланысты бұған дейін жергілікті ғалымдар, тіпті, Президент Әкімшілігі алаңдаушылық білдіргенін білеміз. Кесененің қазіргі жағдайы қалай?

–Иә, кесене іргесінің беріктігі маңызы екенін айтып сіздер де, яғни «Egemen Qazaqstan» газетінде мәселе көтердіңіздер. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан облысының ғана емес, күллі түркі дүниесінің рухани мұрасы, ұлттық мақтанышымыз. Бұл-ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енген, халықаралық маңызы бар жалғыз тарихи ескерткіш. Оны сақтау, қорғау–біздің тарихи әрі азаматтық борышымыз.

Қазіргі таңда облысымызда 1 784 тарихи-мәдени мұра объектісі есепке алынған. Соның ішінде Ясауи кесенесі –басты нысан. Кесененің жағдайы Үкіметтің, облыс әкімдігінің және тиісті ғылыми мекемелердің ұдайы бақылауында. 2023–2025 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жай-күйін кешенді зерттеу мақсатында арнайы бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Мамандар қабырғаның гидроқшаулау жүйесін жаңартып, ылғалдың таралу себептерін анықтады. Бұл жұмысқа Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Қазқайтажаңарту» кәсіпорны, еліміздің және шетелдің жетекші ғалымдары мен тәжірибелі реставраторлар тартылған.

Зерттеу барысында кесене қабырғаларындағы ылғалдың артуына бірқатар сыртқы факторлар әсер еткені анықталды. Атап айтсақ, жақын маңдағы көгалдарды шамадан тыс суару мен дренаж жүйесінің ескіруі, ауа райының өзгеруі, жауын-шашынның көбеюі– негізгі себептердің бірі болуы мүмкін.

Кесенені сақтау жөніндегі аймақтық бағдарлама қабылданды. Оның аясында нысанның төңірегіндегі топырақ сулары мен жерасты ылғалына қарсы инженерлік шараларды жүзеге асыру басталды. Ғалымдар мен «Қазқайтажаңарту» мамандарының ұсынысымен кесенеден 150 метр қашықтыққа дейінгі аумақта көгалдандыру жұмыстарын мүлде шектеу іске асырылады. Сонымен қатар ескі дренаж жүйесін толық жасау қолға алынды. Ал кесененің жабық тұруы–тек уақытша шара. Бұл келушілердің қауіпсіздігі мен реставрация сапасын қамтамасыз ету үшін қажет. Қазіргі жоспар бойынша, негізгі жұмыстар 2026–2028 жылдары басталады.

Біз үшін ең бастысы–кесененің тарихи келбетін бұзбай, оның табиғи беріктігін сақтап қалу. Ясауи бабамыздың мұрасы–ұлттың рухани тірегі, сондықтан оған қамқорлық көрсету–баршамыздың ортақ парызымыз. Оны сақтау– уақытша емес, жүйелі әрі ұрақтар сабақтастығына негізделген саясат. Түркістан облысы әкімдігі бұл бағыттағы жұмыстарды ғылыми негізде, халықаралық стандарттарға сай, толық жауапкершілікпен жалғастыра береді.

**Әңгімелескен:
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan».**

Созақ ауданының орталығы-Шолақорған ауылында орналасқан Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі – ауданның басты мәдени әрі білім ордасы. Бұл рухани мекеме 1943 жылы құрылған. Қазіргі таңда жүйе құрамында 23 кітапхана бар: 1 орталық, 1 балалар және 21 ауылдық бөлімше. 2005 жылы кітапхана жүйесі ресми түрде КММ (коммуналдық мемлекеттік мекеме) ретінде тіркелген. Ал 2023 жылдан бастап кітапхана жаңа бағытта дамып, «Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба аясында жылжымалы кітап пункттері аудан әкімшілігінде, «Белсенді ұзақ



на-тек білім ордасы ғана емес, тұлғалар мен тарихтың куәгері. Мұнда соңғы 32 жылдағы мерзімді басылымдар мен газет мұрағаттары сақталған. Сондай-ақ елге танымал тұлғалардың жылы лебіздері жазылған «Қолтаңбалар альбомы» бар. Онда Асанәлі Әшімов, Қадыр Мырза Әлі, Дулат Исабеков, Мархабат Байғұт және басқа да тұлғалардың ізгі тілектері сақталған. Жазушы Шерхан Мұртаза бұл кітапхананы «Астана мен Алматы кітапханаларына үлгі» деп бағаласа, Қадыр Мырза Әлі: «Кітапхана адам ақылына сыймайтын аса қиын кезде өзінің байлығын сақтап қалған екен...»-деп ризашылығын білдірген. Мемлекет

Созақ аудандық орталық кітапханасы-

өмір» және «Тең қоғам» әлеуметтік орталықтарында, сондай-ақ базар аумағында ашылып, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде. Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры-Майусова Нұржамал Әбілжанқызы.

Нұржамал Әбілжанқызының басшылыққа келгеніне көп уақыт болмаса да, аталған мекемеде едәуір ілгерілеушілік пен қайнаған жұмыстың қарқыны байқалады. Әрине бұл сөзіміз бұған дейін кітапхананың жұмысы баяу болды дегеніміз емес. Десек те, әр басшы өзіндік жұмыс тәртібімен, қызмет үйлестіруімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда Нұржамал Әбілжанқызы басқарып отырған кітапхана ұжымы аудан, облыс көлемінде түрлі жетістіктерге қол жеткізіп, аудандық кітапхана жұмысын жандандырып отыр.

руханиеттің алтын ордасы

жарыстарға қатысты. «Әлемді кітап арқылы танымын», «Ақылдым» сынды байқауларда жүлделі орындарға ие болып жүр. Аудандық кітапханада бірнеше авторлық жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Соның бірі – облыстық деңгейде мойындалған «Сыныбыммен рухани орда төріндемін» жобасы. Бұл жобаға 8 және 11-сынып оқушылары қатысып, әдебиет әлемін тереңірек танып келеді. Жоба авторы-Айгерім Бөбеева, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің басшысы. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Мейірімділікке құштар болайық» жобасы

ры –кітапхана директоры Нұржамал Әбілжанқызы. Жылжымалы кітапхана пункттеріне арналған «Ұжыммен кітап оқимын» жобасы аясында түрлі ұжымдар бірігіп кітап оқып, әдеби талқылаулар өткізіп келеді. Жоба авторы-Әсем Бекзатханқызы. Ал 2025 жыл-жұмысшы мамандықтар жылы аясында жүзеге асырылатын «Еңбектегі әр минут-несібе» жобасы еңбек адамын дәріптеуге бағытталған. Осы жоба аясында бірнеше мәрте еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп, еңбек жолдары дәріптелді. Кітапхананың балалар бағытындағы жұмыстары да өте ерекше. Биыл Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасынан келген «Атамұра» құмыра жасау үйірмесінің жетекшілері балалар кітапханасында үш күн бойы шығармашылық шеберлік сабақтарын өткізді. Тіптен балалардың құмыра жасауға деген қызығушылықтары жоғары болғаны соншалық ине шаншыр жер қалмай, кезек тосып тұрған оқырмандардың ықыласы ерекше болды. Шараны балалар кітапханасының меңгерушісі Ғалия Сұлбекқызы ұйымдастырып, ерекше серпін сыйлады. Кітапхананың көркемдеуші суретшісі Тастемірова Алиса Әзизқызы іс-шараларды безендірудегі ерекше талантымен көзге түсіп, «Фараб» кітапханасында өткен «Тиянақты кітапханашы» жазғы оқу тренингінде дәріс беріп, іс тәжірибе алмасып келді. Міне, кітапхана саласында өз ісінің шеберлері тоғысқан тәжірибелі мамандар жұмыс жасап, кітапхана мамандығының мәртебесін көтеріп, қарқынды жұмыстар легін жасап келеді. Кітапха-



басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Кітапхана-мемлекеттің ұлттық жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды...» -деген болатын. Осы үндеуге орай аудан басшылығының бастамасымен жаңа кітапхана ғимаратының құрылысы басталды. Бұл-рухани әлемнің көкжиегін кеңейтіп, ұлт болмысының алтын қазығына айналар игі қадам. Осы іске ерекше көңіл бөліп отырған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына кітапхана ұжымы мен оқырмандар атынан шексіз алғыс білдіреміз. Кітапхана-білім мен мәдениеттің, руханият пен ойдың тоғысқан мекені. Белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев: «Адамды адам еткен-кітап, адамзат еткен-кітапхана»-деп бекер айтпаған. Электронды формат қаншалықты дамыса да, дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоймайды. Осы ұлы миссияны ардақ тұтқан руханият ордасының шырағы мәңгі сөнбесін деген ниетпен: Рухымды көтеретін кітапханам, Саған келіп рухым тұрақталған. Мамандықтың асылы-өзіңнің ғой, Ілім мен білімді кітапқа жинаған. Созақ аудандық орталық кітапханасы – өткен мен бүгінді жалғаған, ұлт рухын сақтаған, мәдениет пен білімнің мәңгі шырағын маздатып тұрған рухани орда. Алда жаңа ғимараттар, әдеби, мәдени, рухани іс-шаралар сабақтастығы жалғасып, құнды рухани мұраны көздің қарашындай сақтап келер ұрпаққа аманаттау жолында бүгінгі кітапханашылар зор жауапкершілік барын сезінеді және сол жауапкершілікке сай қызмет көрсетуге дайын екендіктерін айқындайды.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



Бүгінде аудандық кітапхана қоры шамамен 385–435 мың дана кітаптан тұрады, оның ішінде 8 500-ге жуық сирек және құнды басылымдар бар. Қор жыл сайын 6 000–9 000 жаңа кітаппен толықтырылып отырады. 2016 жылы 182 944 оқырман 394 569 дана кітап алып оқыған. Жастардың белсенділігі жоғары, ал заманауи технологиялар дамуына сай электронды және виртуалды қызметтер тұрақты түрде жолға қойылған. Оқырмандарды кітап оқуға баулу мақсатында орталық кітапханада жоспарлы жұмыстармен қатар, жеке тұлғалардың өтініші негізінде кітап тұсаукесерлері, мерейтой иелеріне арналған мәдени-рухани кештер өткізіледі. Жыл сайын 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылып келеді. Бұл игі бастамалардың жүйелі жүзеге асуына аудан басшылығының қолдауы зор. Кітапхана ісіндегі жетістіктері үшін мекеме «Үздік аудандық кітапхана-2024» дипломымен марапатталды. Сонымен қатар облыстық «Парақ Times» кітап жәрмеңкесі аясында өткен «Кітап және мен» байқауында «Сыныбыммен рухани орда төріндемін» жобасы I орын, ал «Кітапхана түні» жобасы ынталандыру сыйлығына ие болды. Кітапхана оқырмандары да облыстық және республикалық деңгейдегі

қайырымдылық іс-шараларын қамтиды. Жоба авторы – Балтабекова Айман Ерубайқызы. Табиғатпен үйлесімді рухани сергітуді көздейтін «Кітапхана табиғат аясында» жобасы биыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арнап «Жұмбақтау» демалыс аймағында кең көлемде өткізіліп, оқырмандар мен кітапханашылар үшін бұл жоба алғаш рет табиғат аясында бастау алып, ерекше леп сыйлады. Алда әлі талай табиғатпен үйлесім тапқан жұмыстар легі өз кезегін күтіп тұр. Жоба авто-



Жыл ішінде жеткен жетістіктер

Жалпы, кез келген мемлекеттің мемлекет екенін айшықтап тұратын құндылықтары болады. Мысалыға: мемлекетіміздің туы, елтаңбасы менен әнұраны іспетті. Сондай -ақ, еліміздің егемендігін алған күн, Республика күні де сондай құндылықтарымыздың бірі, бірегейі. Алдағы 25 қазан Республика күні. Былтырғы Республика күнінен биылғысына дейінгі аралықта бақандай бір жыл өтті. Осы аралықта ауданымызда ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылды. Аудан жұртшылығы бұл жайында «Созақ үні» газетінің кезекті сандары менен әлеуметтік желілердегі әкімдіктің парақшаларынан хабардар. Дегенмен, жоғарыда айтқанымдай, мемлекетіміз үшін айшықты мерекелердің бірі, Республика күніне орай аудандық басылым бетінен аудан жұртшылығы бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар жөнінде толыққанды ақпарат алса, сәкеттігі жоқ шығар. Сонымен, аудан әкімдігінің берген мәліметтеріне сүйенсек, осы бір жыл ішінде ауданымызда мынандай жұмыстар атқарылып, едәуір экономикалық ілгерілеушілік болған. Нақтырақ айтар болсақ:

Жергілікті бюджет кірістеріне ағымдағы жылдың 14 қыркүйегіне 24 млрд.384 млн. 735 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 113,0 пайызға немесе 2 млрд. 797 млн.377 мың теңгеге өзіндік кірістер есебінен артығымен орындалды. Оның ішінде; трансферттер 7 млрд.373 млн.412 мың теңге, өзіндік кірістер 17 млрд. 011 млн.323 мың теңгені құрайды. Бюджеттің шығыс бөлігі 23 млрд. 677 млн. 344 мың теңгені құрап, 99,4 пайызға игерілді.

Жалпы өңірлік өнім, инвестиция

8 айдың қорытындысымен ауданда 650 млрд.516 млн. теңгенің жалпы өңірлік өнімі өндіріліп, 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 131,8 пайызға немесе 156 млрд.844 млн. теңгеге артты. Есепті аудан экономикасына 145 млрд. 575млн. теңге инвестиция тартылып, былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 131,5 пайызға немесе 34 млрд. 848 млн. теңгеге артты.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша

Негізгі капиталға 1 млрд. 117,4 млн.теңге инвестиция тартылып, жылдық жоспар 55,8% орындалды (жоспар 2 млрд.теңге). Тамақ өндірісіне 254 млн. теңге инвестиция тартылып, 101,6% артығымен орындалды (жоспар 250 млн.тг) 14638 га егістік жер игеріліп, жоспар 100% орындалды, (жоспар 14638 га). 26 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары алынып, жоспар 78,7% орындалды. Су үнемдеу технологияларын қолдану бойынша 163,9 га жерге жаңбырлатып суару, 33 га жерге тамшылатып суару әдісі өндіріліп, жоспар 59,1% орындалды (жоспар 333 га). Сонымен қатар, 2025 жылдың 8 айы қорытындысымен 6285, 4 тонна ет, 6286, 8 тонна сүт, 1511,5 мың дана жұмыртқа өндірілді. Сондай-ақ, ауданда барлық санаттағы малдар 42490 бас мүйізді ірі қара, 266329 бас қой, 27818 бас ешкі, 36497 бас жылқы, 16873 бас түйе, құс 28247 басты құрады.



«Жер аманаты» жобасы бойынша

Созақ ауданының барлық жер көлемі 4104940 гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланудағы жерлер 831581 гектар, өнеркәсіп, көлік байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылық емес басқа мақсаттарда пайдаланатын жерлер 84157 гектар, босалқы жерлер (ауданның арнайы жер қоры) 1888964 гектар, орман қорының жерлері 1034 898 гектар, су қорының жерлері 32458 гектар, елді мекендердің жерлері 261296 гектар, ерекше қорғаудағы табиғи аумақтардың жерлері 799 гектар, «Жер аманаты» жобасы аясында жайылым жерді ортақ жайылымға қайтару бойынша 2025 жылы мақсатына сай пайдаланылмай жатқан 21000 га жер учаскесін Созақ аудандық жер қорына қайтару бойынша облыстық басқарма тарапынан жоспарланып, 2025 жылдың 5 айында 12791 га жер учаскесі аудан қорына қайтарылды.

Инфрақұрылым

Аудан көлеміндегі 10 ауылдық округтері мен 2 кенттегі 29 елдімекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Орталықтандырылған ауыз су құбыры бар 29 елдімекеннің 25 елді мекеніне ауыз су 24 сағат берілсе, қалған 4 елдімекенге (Созақ, Қарақұр, Қаратау, Қозмалдақ) кестемен берілуде. 2023 жылға 43 млн.471 мың теңге; 2024 жылға 2 млрд.912 млн. 639 мың теңге; ҰҚ – 1 млрд. 764 млн. 561 мың теңге РБ – 120 млн.теңге ОБ -1 млрд.006 млн. 218 мың теңге Ауыз су 860 мың теңге Созақ, Шақырық, Қаратау елді мекендеріндегі ауыз су жүйелеріне қайта құру жұмыстарын жүргізіп, тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2024 жылдың шілде айында мердігерлер анықталып құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Созақ және Шақырық елдімекеніндегі ауыз су жүйелерінің қайта құру жұмыстары ағымдағы жылы толық аяқталып, пайдалануға берілетін болады. Ал, Қаратау елді мекеніндегі ауыз су жүйесін қайта құру жұмыстары 2026 жылға өтпелі. Шақырық – 2млрд. 042 млн. 235 мың теңге АБ -1 млн. теңге ОБ -1

млрд. 892 млн. 235 мың теңге РБ - 150млн.теңге Созақ – 3млрд. 135 млн. 995 мың теңге АБ -200 мың теңге ОБ -3млрд. 135 млн. 795 мың теңге Қаратау -569млн. 460 мың теңге АБ – 1млн. теңге ОБ -93 млн. 460 мың теңге РБ -175млн. теңге МБ -30млн.теңге Ауыз су уақытпен берілетін Қарақұр және Қозмалдақ елді мекендерін 24 сағат ауыз сумен қамту үшін құрылыс жұмыстарына аудандық бюджеттен 18 млн.641 мың теңге қаржы қаралып, жеңімпаз мердігер анықталып ЖСҚ дайындалуда.

Табиғи газбен қамту бойынша

«Созақ ауданында АТС бар магистральды газ құбыры-тармағын салу» нысанының құрылыс-монтаждау жұмыстарына 2019-2023 жылдар аралығында 2 млрд. 766 млн. 570 мың тг.қаржы бөлініп, 2019-2023 жылдар аралығында –Жаңатас қаласы бұрылысынан Шолаққорған ауылына дейінгі 43,8 шақырым магистральды газ құбыры трансшеяға 100% тасталған. Газды қабылдау құрылысы орнатылды. Найзағайдан қорғау прожектор дінгеі 5 дана және КТП -10/04 кВ дизельдік электростанциясы орнатылды. Электр желілері жүргізіліп, ВОЛЬС кабельдері тартылды. Сонымен қатар, 2024 жылға 971 млн.221 мың теңге (ҰҚ -411 млн. 221 мың етнге, ОБ-560млн.теңге) бөлінді. 2025 жылға облыстық бюджеттен 289млн.403 мың теңге бөлінді.«Созақ ауданында АГТС бар магистральды газ құбыры –тармағын салу» нысанына табиғи газ қосу үшін Бәйдібек ауданы Шаян ауылындағы №18 «Шалдар» автоматтандырылған газ тарату стансынан

(Жаңатас қаласы бұрылысына) «ЕвроХим-Қаратау» ЖШС-нің химиялық кешеніне дейін жоғары қысымды газ құбырына қосылу қарастырылған. Осыған байланысты, аталған нысанның монтаждау жұмыстары 2025 жылы аяқталған жағдайда, Созақ ауданы тұрғындары табиғи газбен қамтылады. Сондай-ақ, аудан орталығы «Шолаққорған ауылдық округінің газ тарату желісін салу» нысанының құрылыс –монтаждау жұмыстарына 2021-2024 жылдар аралығында 3 млрд.452 млн.

329 мың теңге қаржыға 216,6 шақырымды құрайтын 100-ге жуық көшеде орналасқан 3200 абонентке газ құбыры жүргізілді. Шолаққорған ауылындағы АГТС –нан Созақ ауылына дейін магистральды газ құбырын салу құрылысына (46173,0 мың теңге) және Құмкент ауылына дейін магистральды газ құбырын салу құрылысына (41077,0 мың теңге) ЖСҚ дайындауға жергілікті бюджеттен ағымдағы жылы 87250,0 мың теңге бөлінді. Қазіргі таңда мердігер анықталып ЖСҚ әзірленуде.

Жартытөбе, Бабата және Аққолтық елді мекендерін газбен қамту

2023 жылы аудандық бюджеттен 30 млн. 671 мың теңге қаржы бөлініп, Жартытөбе, Бабата және Аққолтық елді мекендеріне газ құбырын жүргізуге жобалау сметалық құжаттама дайындалып, облыстық бюджетке ұсынылды. Аудандық бюджеттен ағымдағы жылы 3 млн.теңге қаралып, мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталып, келісім-шарт түзілді. Жартытөбе елм газ құбыры желілері (жоба құны 375 млн.теңге) Бабата елм газ құбыры желілерін салу (жоба құны 440млн.теңге) Аққолтық елм газ құбыры желілерін салу (жоба құны 1 млрд.79 млн.теңге).

«Ауыл-ел бесігі» жобасы

Жолдарды жақсарту мақсатында 2025 жылы «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы бойынша 447 млн.330 мың теңге қаржыға 14,2 шақырымды құрайтын 12 көшеге асфальт жабындысы төселіп, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Түркістан облысы бойынша филиалы тарапынан сынама алынып қорытындысы күтілуде. Сондай -ақ, жергілікті бюджеттен бөлінген 2 млрд.157 млн. 426 мың теңге қаржыға 49,6 шақырымға асфальт жабындысы мен 33,5 шақырымға қиыршық тас төселіп пайдалануға берілуде.

Ауылдарды абаттандыру

Аудан орталығы Шолаққорған ауылы, Жібек жолы және С.Қожанов көшелерін абаттандыру жұмыстары атқарылуда. Жоба құны 1 млрд.482 млн. 700 мың теңге (Жібек жолы көшесі 740 млн.800 мың теңге, С.Қожанов көшесі 741 млн. 900 мың теңге). Аталған жұмыстар барысында 14,8 шақырым аяқ жол (Жібек жолы -7,8 шк, С.Қожанов 7шк), 718 дана жарық бағаналары (жібек жолы -366 дана, С.Қожанов 352 дана), 167 дана аяқ жолға арналғанжарық бағаналары (Жібек жолы -90 дана, С.Қожанов 77 дана), 120 дана орындықтар мен қоқыс тастауға арналған жәшіктер (урна) (Жібек жолы -60 дана, С.Қожанов 60 дана) және веложолдар,суағарлар мен аялдамалар орнатылды.

Аудан көшелері 100% жуық жарықтанды

2024 жылға аудандық бюджет есебінен еім жарықтандыруға 10 ауылдық округке 425,5 млн.теңге бөлінді. (Шолаққорған, Жартытөбе, Қымкент, Сызған, Созақ, Қарақұр, Қаратау, Жуантөбе, Шу, Таукент) (57 көше). 2025 жылы елді –мекендерді жарықтандыруға жергілікті бюджет есебінен 936 млн.406 мың теңге бөлінді, нәтижесінде жарықтандыру мәселесі 100% орындалады деп жоспарлануда.

Құрылыс жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр

2024 жылы құрылыс жұмыстары, 2025 жылға өтпелі бірқатар құрылыс нысандары бар. «Ауыл–ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде ұлттық қордан 2023 жылы Шолаққорған ауылынан заманауи спорттық сауықтыру кешені құрылғысы басталды (жобаның құны 1 млрд.924 млн.теңге) 2023 жылға ұлттық қордан 300 млн.теңге қаралып, игерілді. 2024 жылға 1 млрд. 200млн. теңге қаралып игерілген. 2025 жылға 336 млн.256 мың теңге қаралған. Нысан қазан айының 28-не пайдалануға беріледі.

«АСТАНА» мөлтек ауданының инфрақұрылым құрылысына (Жобаның құны 2 млрд.543 млн.453 мың теңге) 2024 жылға 251 млн.теңге қаралып, игерілген. 2025 жылы 1 млрд. 336 млн. теңге қаралған. Бүгінгі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Нысанға қажетті қаржы -955 млн. 588 мың теңге. Нысан тамыз айында кесте бойынша пайдалануға берілу керек еді, алайда бүгінгі таңда тапсыру кешігуде.

«Созақ ауылдық округі әкімі аппараты ғимараты құрылысы» жобаның құны -263 млн. 100 мың теңге. 2024 жылға 160 млн.теңге, 2025 жылға 109 млн. 592 мың теңге қаралып игерілген. Нысанның құрылысы мамыр айында толық аяқталып, пайдалануға қабылданған.

Бұдан бөлек, 2025 жылы бас-талған құрылыстарға тоқталсам:

«Тасты ауылдық округі әкімі аппараты ғимараты құрылысы» жобаның құны -194 млн. 335 мың теңге. 2025 жылға жергілікті бюджеттен қаржысы толық қаралған. Нысанның құрылысы наурыз айында басталып, тамыз айында пайдалануға берілді. Шолаққорған ауылындағы «Достар» стадионын қайта құру жұмыстары аяқталды. Конкурстық құны: 427 млн. 481 мың теңге. 2025 жылғы лимиті: Облыстық бюджеттен -50млн. теңге қаралса, қалған қаржысы жергілікті бюджеттен 377 млн. 481 мың теңге қаралған. Нысанды тамыз айында пайдалануға берді.

«Созақ ауылындағы спорт сауықтыру кешенінің құрылысы» жобаның құны -634 млн. 694 мың теңге. Жергілікті бюджеттен 2025 жылға нысанға қажетті қаржы бөлініп, нысан құрылысын наурыз айында бастады, қараша айында пайдалануға

беру жоспарлануда.

«Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесінен кітапхана ғимаратының құрылысы» жобаның конкурстық құны 958 млн.133 мың теңге. 2025 жылға жергілікті бюджеттен 736 млн теңге қаралған. Қажетті қаржы 222 млн.теңге. Нысан 2026 жылға өтпелі. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталып, құрылысы басталатын нысандар: 2023-2024 жылдары Қаратау, Қарақұр ауылдарына салынған жабық футбол алаңының құрылыстары Жуантөбе, Тасты, Шу, Сызған, Қымкент, Жартытөбе ауылдарында басталды.

Жобалардың жалпы құны 738 млн. 494 мың теңге. Нысанның құрылысы шілде, тамыз айларында басталып, қазан, қараша айында пайдалануға беріледі.

«Жуантөбе ауылынан учаскелік полиция пунктін құрылысы» жобаның құны 27млн. 512 мың теңге. Нысанның құрылысы шілде айында басталып, қазан айында пайдалануға беру жоспарда.

Облыстық ветеринария басқармасымен бекітілген үшжақты келісімге сәйкес жүзеге асырылатын жобалар: «Балдысу, Қозмолдақ, Шу, Қаратау» ауылдарынан ұсақ малдарды тоғытатын нысан және Қарақұр ауылынан Беккері шұңқырының құрылыстары басталып, қыркүйек, қазан айларында пайдалануға беру жоспарланған. Жобалардың жалпы құны-201 млн. 512 мың теңге.

Қоршаған ортаны қорғау мақсатында Тасты, Шу, Сызған ауылдық округтері аумағынан қатты –тұрмыстық қалдықтарды тастайтын полигон құрылысы және Шолаққорған ауылынан құрылыс қалдықтарын тастау орнының (жобаның құны 182. 917 мың теңге) құрылыстары басталды. Нысанды пайдалануға беру мерзімі қараша айы.

Сызған полигон құрылысының жалпы құны 333 млн 231 мың теңге, Тасты полигон құрылысының жалпы құны 292 млн 180 мың теңге, Шу полигон құрылысының жалпы құны 223 млн 910 мың теңге. (жергілікті бюджеттен 2025 жылға 3 нысанға 200млн.теңге бөлінген) Нысан келесі жылға өтпелі.

Шолаққорған ауылы, Жеткеншек мөлтек ауданынан жеке құрылыс салушы есебінен құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан 1 қабатты 2 пәтерді 26 тұрғын үйдің (52пәтер) және 2 қабатты 8 пәтерлі 3 тұрғын үйдің (24 пәтер) құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Аталған тұрғын үйлер пайдалануға берілгеннен кейін «Отбасы банк» арқылы азаматтарға берілетін болады. Сонымен қатар, аталған Жеткеншек мөлтек ауданынан «Казатомпром» ҰАҚ» АҚ –ның және «Катко» қазақ–француз бірлескен кәсіпорнының демеушілігімен 2 қабатты 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Бұл өз кезегінде, Шолаққорған ауылы, Қазыбек би көшесінде орналасқан авариялық деп танылған 2 қабатты 16 пәтерлі тұрғын үйдегі тұрғындарды үймен қамтамасыз етеді.

Аққолтық және Шу ауылдарынан жеке құрылыс салушы есебінен медициналық пункттың құрылысы жүргізілуде және Қызылкөл ауылынан М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінде қосымша акт залы мен шеберхана ғимаратының құрылыстары жүргізілуде. Бұл нысандардың құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін, мемлекет меншігіне сатып алынатын болады.

Жұмыспен қамту жұмыстары

Ұлттық жобалар шеңберінде 3292 азамат әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылып, жылдық жоспар 69,7 пайызға орындалды. Оның ішінде: ұлттық жобалар аясында 136 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып, 2025 жылдың 8 айында 92 жаңа жұмыс орыны ашылды. Еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы бойынша 1387 жұмыс орнын ашу жоспарланып, 1080 жұмыс орыны ашылды. 2099 адамды бос жұмыс

орындарына жұмысқа жіберу жоспарланып, 8 айдың қорытындысымен 949 адам жолданды. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтің «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашу» тапсырмасына сәйкес, 650 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып, 8 айдың қорытындысымен 769 жаңа жұмыс орны ашылды. Жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрайды. 2025 жылы 7 рет жәрмеңке өткізіліп, барлығы 134 мүмкіндігі шектеулі азаматтар жұмыспен қамту шараларына тартылды.

Білім саласында да біраз жұмыстар атқарылды

Аудан бойынша 35 мектеп, 39 балабақша жұмыс атқаруда. (17 мемлекеттік, 22 жекеменшік) Аудандағы 39 балабақшада 4236 бала тәрбиеленуде. (мемлекеттік балабақшалардағы 2480 бала, жекеменшік балабақшаларда -1756 бала). Қазіргі таңда, 2-6 жастағы балаларды қамту көрсеткіші -99,6%-ды құраса, 3-6 жастағы балаларды балабақшамен қамту 100%-ды құрап отыр.

2025-2026 жаңа оқу жылында жалпы 6539 бала ыстық тамақпен қамтылған, оның ішінде 1-4 сынып оқушылары 5527 бала. Мектептерге бейнекамералар орнатылып, полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылды. Аудан бойынша 3 мектепте оқушылар тасымалы ұйымдастырылған. (Абай атындағы ЖББМ, Ғ.Мұратбаев атындағы ЖББМ және Жамбыл атындағы ШЖЖББМ) Үш мектепте «Балалар жылы» аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде облыс мектептерінде лизинг тәсілімен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ–ы арқылы 3 заманауи автобустар алынып берілген. Қазіргі таңда, 92 бала тасымалданып оқытылады.

Мәдениетке де маңыз берілуде

Созақ ауданында қазіргі таңда 40 мәдени мекеме аудан халқына мәдени қызмет көрсетуде. Олардың 17-сі мәдениет үйлері мен клубтар және 23-і кітапханалар. 2025 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстарын қажет ететін (9 мәдениет мекемесіне), Қызылкөл ауылдық клубына жаңадан модульді қазандық орнату үшін (10 млн.824 мың теңге),Қаратау ауылдық мәдениет үйіне (15 млн. 599 мың теңге), Жартытөбе ауылдық клубына (16 млн.717 мың теңге), Жуантөбе ауылдық клубына (17 млн.395 мың теңге), Қыземшек кенті мәдениет үйіне (40млн. 627мың теңге), Созақ ауылдық мәдениет үйіне (47 млн 830 мың теңге), шу ауылдық клубына (50млн. 203 мың теңге), Таукент кенті мәдениет үйіне (30 млн.029 мың теңге) және Сызған ауылдық клубына (22 млн. 795 мың теңге) ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін аудандық бюджеттен 252 млн.019 мың теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда, жоғарыда көрсетілген мәдениет мекемелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісімшарттар түзіліп, жұмыстар жүргізілуде. Қыземшек кенті мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге жобалық сметалық құжаттарын әзірлеу үшін аудандық бюджеттен 14638,0 мың теңге қаржы бөлініп, келісімшарт түзіліп, күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттары әзірленіп, бітті.

Созақ спортына да көңіл бөлінуде

Аудан тұрғындарының спортпен тұрақты түрде шұғылдануына ықпал жасау мақсатында ауданда 193 спорттық нысандар жұмыс жасайды. Нәтижесінде, ауданда бұқаралық спортпен шұғылданушылардың саны бүгінгі таңға 24 мың адамнан асып, аудан халқының 41% -ына жетті. Шолаққорған ауылынан республикалық бюджет есебінен заманауи үлгі-

дегі спорт кешенінің құрылысы басталып, 2025 жылы құрылысы қазан айында аяқталады деп күтілуде. Созақ ауылынан жергілікті бюджет есебінен жаңа спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Шолаққорған ауылындағы «Достар» стадионына жергілікті бюджет есебінен қайта құру жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тамыз айында пайдалануға берілді. Сонымен қатар Жартытөбе, Қымкент, Қозмолдақ, Жуантөбе, Тасты және Шу ауылдарынан жергілікті бюджет есебінен төбесі жабық шағын футбол алаңшыларының құрылыстары басталып, жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Денсаулық саласы да басты назарда

Аудан халқына 29 емдеу мекемесі қызмет көрсетеді. (1 аудандық аурухана, 1 аудандық емхана, 1 МСАК орталығы, 9 дәрігерлік амбулатория, 4 ФАП, 13 МП). Басты бағыт ана мен бала денсаулығын қорғау болып табылады. Осы мақсатта жүйелі түрде ана мен нәрестелер өлімін болдырмау көрсеткішін барынша төмендетуге арналған іс-шаралар атқарылуда. Тірі туылған нәрестелер көрсеткіші 2024 жылдың 8 айында -1005 нәресте, 2025 жылдың 8 айында-809 нәресте дүниеге келді. 1 жасқа дейінгі нәресте шетінеуі 2024 жылдың 8 айында-6 нәресте, 2025 жылдың 8 айында-4 нәресте шетінеуі орын алды. Есепті кезеңге ана өлімі тіркелмеген. Денсаулық сақтау саласының әрбір көрсеткішін төмендету бойынша алдын –алу шаралары атқарыла беретін болады.

«Таза Қазақстан Экологиялық Акциясы»

Елімізде тазалыққа қатысты мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» Республикалық акциясы өтуде. Осы шараны іске асыру барысында желтоқсан айында аудан әкімдігінің тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне қарасты «Шолаққорған –су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына 185 млн. 984 мың теңгеге 7 арнайы техника, «Созақ сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына аудандық бюджеттен 553 млн. 681 мың теңгеге 20 арнайы техника сатып алынды. Аудан орталығының аумағы 5 секторға бөлініп ондағы 144 көшеге жауапты мекемелер бекітілді. Сондай-ақ, аудан аумағын Жасыл желекке айналдыру мақсатында жалпы саны 27500 тал көшеттері отырғызылды. Шолаққорған –Түркістан бағытындағы

«Жасыл белдеу» аумағы жолдың екі шетін қоса есептегенде 4,5 шақырымға артып 10500 дана қара тал егілді. Бұл аумақ қазіргі уақытта толықтай қоршалды. Қазіргі таңға дейін 405 шақырым ішкі көше бойлары тазаланып, 285 шақырымдық облыстық маңызы бар жолдар және 77,4 шақырымдық аудандық маңызы бар жолдар тазаланды. 33 аялдама сырланып, қалпына келтірілді. 27 шақырым аяқ жолдар тазаланып, саябақтар және скверлер ретке келтірілді. Жалпы, сенбілік тазалық жұмыстарына 13050 адам қатысып, 55 техника жұмылдырылды. Осылайша барлық мекеме қызметкерлері, аудан тұрғындары, жастар қауымы тазалық жұмыстарына көмек қолын созуда әрдайым ниетті екендіктерін білдіріп келеді. Жоғарыда аталған жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

Мінеки, бұлар 2024-2025 жылдар арасында ауданымызда атқарылып, жергілікті биліктің жыл ішінде қол жеткізген жетістіктері еді! Бұйырса, жаңа, 2026 жылдан да жаңа жетістіктер күтеміз! Ендеше, сол бір жарқын күндерде жолыққанша еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

«KAP Logistics» мақтанышы

35 жылдық адал еңбек жолы

Бекетов Марат Миркенович – «KAP Logistics» ЖШС «Таукент» автошаруашылығының қауіпті жүк тасымалдау автопаркінің жүргізушісі. Еңбек етілі – 35 жыл. Осы уақыт аралығында өзін жоғары білікті, сенімді және тәртіпті маман ретінде танытып, компанияның тиімді және тұрақты логистикалық жүйесін дамытуға зор үлес қосты. Ол өз ісін терең меңгерген тәжірибелі кәсіби жүргізуші ретінде жоғары еңбек мәдениетімен, нақты жоспарлау қабілетімен, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтаумен және ұқыптылығымен ерекшеленеді.

Марат Миркенович кез келген жағдайды алдын ала бағамдап, жолдағы тәуекелдерді кәсіби деңгейде болжай біледі, бұл оның сенімді және жауапты маман ретіндегі беделін қалыптастырды. Күн сайын өндірістік бағыттардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету – оның басты миссиясы. Ол әрбір рейске мұқият дайындалып, техникалық тәртіп пен дәлдікке мән береді, әріптестер арасында сабырлы мінезі, ұйымшылдық қасиеті және жолдағы сабырлылығы арқылы үлкен құрметке ие. Оның кәсіби жолы – жауапкершілік пен дәлдіктің үлгісі. Марат Миркеновичтің еңбегі өндірістік процестің үздіксіз жүруіне, өндірістік қауіпсіздік пен сенімділік мәдениетінің орнығуына айрықша әсер етеді. Ол үшін еңбек – абыройдың айнасы, ал сенім – ең жоғары марапат.

Жауапкершілік пен сенімділік – басты қағидасы

Бекетов Марат Миркенович үшін жауапкершілік – жай сөз емес, күнделікті еңбектің басты ұстанымы. Әрбір сапар, әрбір жүк, әрбір тапсырма оның кәсіби абыройымен және компания беделімен тікелей байланысты екенін ол жақсы түсінеді. Марат Миркеновичтің негізгі міндеттері – ішкі және сыртқы тасымалдауларды ұйымдастыру, соның ішінде өндіріс процесі үшін аса маңызды күкірт қышқылын уақтылы жеткізу мен дайын өнімді (десорбаты) тұтынушыларға жөнелтуді қамтамасыз ету.

Бұл – жоғары деңгейдегі жауапкершілікті, мұқияттылықты және өндірістік тәртіпті талап ететін іс. Ол өз жұмысында қауіпсіздік техникасын қатаң сақтай отырып, әрбір



бағыттың логистикасын егжей-тегжейлі жоспарлайды. Осындай жүйелілік пен ұқыптылықтың арқасында Марат Миркенович жылдар бойы апатсыз, уақытылы және сапалы тасымалдауды қамтамасыз етіп келеді. Жолда да, жұмыста да оның басты қағидасы – сенімділік пен тұрақтылық. Әріптестері мен басшылығы оны «әрқашан сенім артатын адам» деп сипаттайды. Бір сөзбен айтқанда, Марат Миркенович үшін көлік жүргізу – тек мамандық емес, бұл – жауапкершілікке негізделген өмір салты.

Тәлімгер және үлгі тұлға

Көпжылдық тәжірибесін жастармен бөлісу – Миркеновичтің кәсіби өміріндегі ең құнды қасиеттерінің бірі. Ол жас жүргізушілерге тек көлік жүргізу ережелерін ғана емес, сонымен қатар жолдағы мәдениет пен жауапкершілікті де үйретеді. Әрбір кеңесі мен іс-әрекеті арқылы шәкірттеріне «жолдағы қауіпсіздік – тек ереже емес, ол – әр адамның өміріне деген құрмет» екенін ұғындырады. Марат Миркенович жас мамандармен жиі тәжірибе алмасып, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға атсалысады. Оның жетекшілігімен талай жас жүргізуші өз ісіне сенімділікпен қарап, компанияның сенімін ақтап жүр. Жастар оны тек тәжірибелі тәлімгер ғана емес, адами қасиеттерімен де үлгі тұтады. Қарапайымдылығы, еңбекқорлығы және әріптестеріне деген сыйлас-тығы – оны ұжымда ерекше құрметке ие тұлғаға айналдырды. «Жолда сенімділік пен жауапкершілік – ең ба-

стысы. Әрбір рейс – компания абыройының бір бөлшегі», – дейді Марат Миркенович. Бұл сөздер оның кәсіби адалдығы мен өз ісіне деген шынайы жауапкершілігінің айқын көрінісі.

Спорт пен өмірлік сергектіктің табыстың кепілі

Марат Миркенович үшін қозғалыс пен тәртіп – тек жұмыста емес, өмірде де басты қағида. Ол кәсіби деңгейде спортпен айналысып, жүгіру мен жеңіл атлетикада тұрақты нәтижелер көрсетіп келеді. Жоғары еңбек қарқыны мен физикалық дайындықтың үйлесуі оның табандылығын, ерік-жігерін және мақсатқа жету қасиетін айқындайды. Көп жылғы еңбек тәжірибесіне қарамастан, ол үнемі сергек өмір салтын ұстанады, әріптестеріне үлгі болып, корпоративтік спорттық бас-тамалардың тұрақты қатысушысы.

Марат Миркенович – компанияның корпоративтік мәдениетінің жарқын өкілі, ұжымдық рух пен ынтымақты нығайтуға өз үлесін қосып жүрген қызметкер. Ол жыл сайын өтетін спартакиадалар мен марафондарға белсенді қатысады, ал оның жетістіктері – тек жеке жеңіс емес, бүкіл команданың рухын көтеретін ортақ табыс.

2024 жылы өткен «Kazatomprom» марафонында 2-орын иеленіп, компанияның «Бір команда – бір мақсат!» ұранын іс жүзінде дәлелдеді.

Ал 2025 жылы Шымкент қаласында өткен «Kazatomprom» корпоративтік марафонында да жүлделі орынды иеленіп, денсаулық пен та-

бандылықтың нағыз үлгісін көрсетті. Марат Миркенович үшін спорт – өз-өзінді жетілдірудің және кәсіби тұрақтылықты сақтаудың басты жолы. Ол әріптестеріне салауатты өмір салтының мәнін ұғындырып, корпоративтік мәдениеттің жандануына және ұжымның бірлігін арттыруға үлкен үлес қосып келеді.

Кәсіби шеберліктің және адал еңбектің жемісі

Еңбегі еленген – құрметке лайық тұлға Марат Миркеновичтің адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі жылдар бойы басшылық пен әріптестер тарапынан жоғары бағаланып келеді. Ол тек өз ісін мінсіз атқарып қана қоймай, ұжымдағы еңбек мәдениетін, жауапкершілікті және өзара құрметті қалыптастыруға үлес қосқан қызметкер ретінде танылған. Өзінің табандылығы мен тәртіптілігі арқасында Марат Миркенович бірнеше мәрте корпоративтік және салалық деңгейдегі марапаттарға ие болды.

Марапаттар мен жетістіктері:

- 2016 жылы – атом саласы қызметкерлері күніне орай «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС-нің Құрмет грамотасымен марапатталды;
 - 2023 жылы – кәсіби міндеттерін адал атқарып, жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін «KAP Logistics» ЖШС-нің Құрмет грамотасымен марапатталды;
 - 2024 жылы – Үлбі металлургиялық зауытының 75 жылдығына орай ұйымдастырылған «Kazatomprom» корпоративтік марафонында II орын иеленіп, компанияда салауатты өмір салты мәдениетін насихаттауға үлкен үлесін қосты;
 - 2025 жылы – Шымкент қаласында өткен корпоративтік марафонда II орын алып, ұжымдық рухты қолдап, кәсіптік төзімділіктің үлгісін көрсетті;
- Бүгінгі таңда Марат Миркеновичтің есімі «KAP Logistics» ұжымында сенімділік пен кәсібиліктің символы ретінде айтылады. Оның табандылығы мен жауапкершілікке негізделген еңбегі жас мамандар үшін үлкен өнеге. 2025 жылы ол корпоративтік «Жыл қызметкері» бағдарламасы аясында «Механика» бағыты бойынша «Үздік жүргізуші» номинациясына ұсынылып, өз саласының үздігі ретінде танылды. «Марапат – еңбектің бағалануы ғана емес, соған жеткізген жылдар бойғы табандылықтың айғағы», – дейді әріптестері Марат Миркенович туралы.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Жартытөбе ауылдық округі Жартытөбе ауылы, Бабата елдімекеніндегі балалар ойын алаңшасын қоршау жұмыстарын жүргізісін.	10.12.2025 жылға дейін	Д.Жүсіпов
1	Құмкент ауылдық округі Қызылкөл елдімекенінен балалар ойын алаңын салу жұмыстарын жүргізісін.	30.11.2025 жылға дейін	Е.Балықбаев
1	Таукент кенті Жыныс-ата Таукент кентінің бағытындағы тас жолына және кенттегі көшелердің бойына бейне-бақылау камерасын орнату	30.11.2025 жылға дейін.	Қ.Оразов, Е.Дәулетбаев
1	Шолаққорған ауылдық округі Жібек жолы және Абай көшелерінің қиылысына аяқ жол төсеу жұмыстарын жүргізісін	20.11.2025 жылға дейін	Қ.Оразов, Е.Аманов Ж.Тулепбергенов

2025 жылдың 10 қаңтарында әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енді. Мұндағы негізгі жаңалықтың бірі-әкімшілік жаза түрлері қоғамдық жұмысқа тарту жазасымен толықты.

Сот әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаның келісімі болған кезде қоғамдық жұмыстарды қолданады. Бұл тек әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамға жергілікті атқарушы орган ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындатуды көздейді. Қоғамдық жұмыстар сағатпен есептеледі және он сағаттан жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Оны орындау күніне бір сағаттан кем болмауға және төрт сағаттан аспауға тиіс.

Қоғамдық жұмыстар жұмыстан және оқудан бос уақытта орындалады. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын адамдар қоғамдық жұмыстарды күніне кемінде бір сағат және сегіз сағаттан асырмай, бірақ аптасына қырық сағаттан орындайды. Бұл жұмыстың жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауы тиіс.

Мұндай жауаптылық белгілен-

Қоғамдық жұмысқа тартуда құқық бұзушының қалауы ескеріледі

бейтін адамдар тобы бар. Мәселен, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас баллары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі балларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге, он сегіз жасқа толмағандарға, бірінші немесе екінші топ мүгедектеріне, 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, 63 жастағы және ол жастан асқан ерлерге, Қазақстан аумағында тұрақты тұрмайтын шетел азаматтарына және ол азаматтығы жоқ адамдарға қоғамдық жұмысқа тарту шарасы қолданылмайды. Бұл жұмыстан жалтарғандарға кодекстің 49-2-бабына сай жауаптылық белгіленген.

Қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысын орындау кодекстің 914-1-бабымен реттелген. Ол сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін орындалуы керек. Қаулы әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның тұрғылықты жеріндегі жергілікті атқарушы органға орындау үшін жіберіледі. Жергілікті атқарушы органдар-әкімдіктер. Жергілікті жерде

атқарушы билікті республиканың әкімшілік-аумақтық құрлымына сәйкес облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың, селоның, поселкенің әкімдіктері жүзеге асырады. Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және оны орындауға тиіс ұйымдардың тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды. Ішкі істер органдары осы баптың төртінші бөлігінің 6) тармақшасында хабарлама келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарайды және осы кодексте белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды.

Орындалған жұмыстардың актілерін жасайды, жұмыс істеген сағаттар табелін жүргізеді; есепті тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдарға ұсынады.

Қоғамдық жұмыстар түрінде әкімшілік жаза қолданылған адам: осы кодексте белгіленген шарттар мен тәртіпті сақтауға; жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстарды орындауға;

тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті. Жұмыстың ұзақтығына адамның бару мен кері қайту уақыты кірмейді.

Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға дене азабын келтіруді немесе адами қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян келтіруді мақсат тұтпайды. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухына тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

А.ДӘУРЕНБЕКОВ,
Созақ аудандық сотының
төрағасы.

Әкімшілік ұстап алуды жүзеге асыру кезінде заңдылық кепілдігін қамтамасыз ету маңызды

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын еліміздің ең жоғары құндылықтары деп таниды және құқықтарымен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтарымен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектеулі мүмкіндігін бекітеді.

Ұзақ уақыт бойы әкімшілік ұстап алу әкімшілік бұлтартпау шараларының ұғымы ретінде танылды. Тек кейбір ғалымдар ғана оны әкімшілік қамтамасыз ету шарасы ретінде қарастырды. «Әкімшілік ұстап алу бұл біреше мақсатқа қол жеткізуге қызмет ететін әкімшілік мәжбүрлеудің бірыңғай шарасы. Аталған шара ішкі әмбебаптыққа тән: бір жағынан заңсыз мінез-құлықты тоқтатуға бағытталса, екінші жағынан кінәлілерді жауапқа тартуға жағдай жасайтын құқық қолданушының әрекеттерін қамтиды. Осылайша, бұл әрекеттер материалдық және қауіпсіздікті қамтамасыз ету әсерінің бірлігі мен үздіксіздігін көрсетеді деп тұжырымдалған. Қазіргі уақытта бұл мәселе заңнамалық деңгейде шешілді, яғни, әкімшілік ұстап алу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің дербес шарасы болып табылады. Дегенмен, әкімшілік ұстап алу басқа шаралармен арақатынасы мәселесінде өзектілігін сақтауды жалғастырады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 787-бабына сәйкес, әкімшілік ұстап алу деп құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғаның, заңды тұлға өкілінің, лауазымды адамның жеке бас бостандығын қысқаша серзімге шектеу түсініледі.

ӘҚБТК-нің ерекше бөлігінің 787-789-баптарының нормаларын талдау мынандай тұжырымдау жасауға мүмкіндік береді.

1.Әкімшілік ұстап алу әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің дербес іс жүргізу шарасы болып табылады.

2.Заң әкімшілік ұстап алуды үш сағаттан аспайтын қысқа мерзімді, әкімшілік жауаптылыққа тартуға болатын жасқа толған, жеке тұлғаның бас бостандығынан шектеу ретінде айқындайды.

3.Әкімшілік ұстаудың негізі мақсаты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі уақытылы және дұрыс қарау, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Әкімшілік ұстауды қолданудың жекелеген мәселелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі №1 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы» нормативтік қаулысымен реттелген. Осы нормативтік қаулыда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аталған қамтамсыз ету шарасын әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау, құжаттарды тексеру, адамның жеке басын анықтау және т.б. мақсатында қолдануға болмайтындығын атап өтті. Жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау сияқты әкімшілік қамтамасыз етушараларын қолдану мүмкін емес жағдайда, сондай-ақ құқық бұзушылықтың жолын кесу мақсатында іс-әрекет жасалған жерде хаттама жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік ұстап алуға жол беріледі. Сонымен қатар, істердің уақытылы және дұрыс қаралуын және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік ұстап алу қолданылады.

Б.САҒЫНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Құтыру-орталық жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті вирустық ауру. Ол адамға көбінесе құтырған жануардың (ит, мысық, түлкі және т.б.) тістеуі немесе сілекейі арқылы жұғады.

Құтыру ауруы қауіпті!

Негізгі белгілері:

-дене қызуының көтерілуі,
-жара орнында ауру және қышу сезімі,
-үрей, мазасыздық,
-жарық пен судан қорқу,
-бұлшықеттердің тартылуы, есінен тану.

Жүгу жолдары:

Ауру адамға ауру жануардың сілекейі арқылы, көбіне тістеген немесе тырнаған кезде жұғады.

Алдын алу шаралары:

-ит пен мысыққа уақытылы вакцина салдыру,
-дала жануарларымен байланысқа түспеу,
-тістеген жағдайда жараны сабынды сумен жуу және дәрігерге дереу қаралу,
-адамға да құтыруға қарсы екпе салдыру қажет.

Қорытынды:

Құтыру-емделмейтін, бірақ алдын алуға болатын қауіпті ауру. Вакцина мен сақтық-өмірді сақтайтын басты шара.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ
басшысы.

Жарамсыз деп танылсын

Тұрғанбаев Ерлан Төлегенұлының иелігіндегі 2025 жылы шығарылған «Chevrolet Cobalt» маркалы автокөлігінің «KZ 938 АУУ/17» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

№1 колледждің байырғы қызметкері, зейнеткер
Имашова Гүлжамал
апайдың қайтыс болуына байланысты №1 колледж ұжымы мен кәсіподақ ұйымы ұл-қыздарына, отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Сексеуіл алқабын өрттен қорғайық!

Сексеуіл ауданымыздың табиғи байлығы. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және қауап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиеп алған баукеспелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр. Соған қарамастан бұл заңбұзушылардың әрекеттері азаймай отыр. Бүгінде сексеуілді сауда нүктелерінде сатуға тыйым салынып, қатаң бақылауға алынған.

Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын біздің ауданымызда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

Л.ДӘУЛЕНБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
мекемесінің аға орманшысы.

Тілсіз жаудан сақтанайық!

Жалпы, орманды жерлердегі өрт қауіпі сәуір-қараша айының аралығында өте қауіпті. Себебі, күннің шамадан тыс ыстық болуы, өсімдіктердің қурауы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауының соңы алапат өртке ұрындырады. Бұл өз кезегінде табиғат анаға залал келтіріп, ондағы өсімдіктердің, аң құстардың жоюлуына алып келеді. Бүгінде орманды жерлердегі өрттің алдын-алу, ондағы аң құстарды аялап, браконьерлерден қорғау ауданында аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тиісті шараларды атқарып келеді.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

Е.АРЫНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау
күзетші-қорықшысы.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024-2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың қазанайының28жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасы.

Оқушы қыздар арасында өткізілген профилактикалық іс-шара

Созақ АПБ ОТЗЗҚТ ӘЗЗҚЖ инспекторы полиция майоры Айжан Манапованың қатысуымен қыздар арасында зорлық зомбылықтың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары өткізілді. Іс-шараларды өткізген мамандар: ерте жүктіліктің алдын алу-Түкебаева Шолпан – психолог, Сүт безінің ауырсыну және алдын алу-Бейсембиева Индира-онкоматолог, Зорлық-зомбылық және тәмаудың алдын алу-Амирбекова Шолпан-СӨСҚ дәрігер. Іс-шараның мазмұны



қыздарға арналған дәрістер мен тренингтер, денсаулыққа байланысты профилактикалық кеңестер, қауіпсіздік және зорлық-зомбылықтан қорғау тура-

лы ақпарат, сұрақ-жауап сессиялары, психолог және дәрігерлермен жеке кеңес беру.

Іс-шара барысында қыздар белсенді қатысып, мамандардың кеңестері мен ұсыныстарын тыңдады. Денсаулық, қауіпсіздік және психологиялық қолдау мәселелері бойынша нақты ақпарат беріліп, жеке сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік туды. Психологиялық қолдау және медициналық кеңестерге жүгіну мүмкіндігі туралы ақпарат берілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Кітапханашы» мамандығым

Кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да тартымдылығымен ерекшеленеді. Себебі, күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет - журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп жатқан оқушы, мұғалімдер т.б. осылай жұмыс күні жалғасып жатады. Кітапхана жұмысы жаңалыққа құмарлықтан басталады.

Балалар кітапханасының жұмысы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кітап хандығының табалдырығын алғаш рет қадам басқан баланы қарсы алады. Кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да тартымдылығымен ерекшеленеді. Себебі, күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет - журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп жатқан оқушы, мұғалімдер т.б. осылай жұмыс күні жалғасып жатады. Кітапхана жұмысы жаңалыққа құмарлықтан басталады.

Балалар кітапханасында уақыт кеңістіктің өлшеміне сыймайтын, адам рухының тылсым құпияларын жария ететін ескі заманды еске түсіріп, дүниенің есігін ашатын ертегілер де көп. Балалар көрнекі безендірілген, жасөспірімдерді баурап алатын жарқыраған сәнді мерзімді басылымдар, шытырман оқиғаға толы кітаптар, анықтамалар мен энциклопедияларға ерекше қызығушылықпен қарайды. Кітапхана ғұмырын жалғастырушы жас оқырмандар. Балаларға «кітапты сүйе біліңдер, бағалаңдар, әр бетін жыртып таза ұстаңдар» деген сөзді жиі айтамыз.

Біздің міндетіміз әрбір оқырман өзінің керек кітабын тауып, білімін жетілдіруге, өзіндік тұлғасын қалыптастыруына жағдай жасау. Оқыған адам басқа халықтың мәдениетін, өнерін, қыр-сырын білуге ұмтылады. Қалаған әр ұлттың авторын оқи отырып, әр түрлі халықтың өмірімен танысады. Кітапханада адамның жылуы, оқырманға деген сүйіспеншілік, қатынас болмаса кітапхана кітап сақтайтын қоймаға немесе кітап беретін орынға айналады. Оқырман мен кітап арасында білгір ақылды, өз мамандығын сүйетін адам болмаса, оқырманды мәдениет әлеміне жетелей алмайды. Кітапханашы ғана өзі оқып білген жаңалықтың бәрін оқырманға, мұғалімге, ата-аналарға сол қалпында жеткізу үшін міндетін атқарады және шын жанашыр досы болып саналады.

Сондықтан да кітапханашы ой өрісі мықты, білімді, өз ісінің шебері, өз мамандығын шын құрметтейтін тәрбиелі, сауатты, бала жүрегіне жол таба білетін, жоғары ақпаратты біліммен қаруланған байсалды да парасатты жан болуы тиіс.

Яғни кітапханашы-парасатты жанға лайық мамандық.

Оқырманмен жаны да, жүрегі де бір, бар білімін тәлімін, өнегесін жас оқырман бойына сеуіп жүрген кітапханашыларды рухани әлемнің жаршысы дер едім.

Біріншіден терең білімді, өзінің теориялық білім деңгейі жоғары, үздіксіз білімін жетілдіріп отыратын, оқырманды терең ойлылыққа жетелейтін адам.

Екіншіден білімін жетілдіруге отырып әдістемелік шеберлігін арттыра білетін рухани жаңалық жаршысы болуы тиіс.

Үшіншіден әлеуметтік қоршаған ортаны танытын, рухани мәдениетті, қай ортада болсын өзін – өзі ұстай білуі шарт.

Төртіншіден кез-келген ортаның хыйтқысы, көркем сіздің шебері, өнерлі, отанын сүйген патриот, терең қазыналы сауатты болса нұр үстіне нұр.

Міне осының бәрін бойына жинаған адам ғана нағыз кітапханашы тұлғасын құрайды. Кітапханашы үшін өмірдегі ең қымбат та тебіреністі сәт – ол кітап оқып, ойға шомған адамға қарау.

Ғалия МАЙМАҚОВА,

Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

Дарынды ұрпақ-тәуелсіз елдің болашағы

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстан жаһандық даму жолында қарқынды түрде ілгерілеп, білім мен ғылым, мәдениет пен өнер саласында зор жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Мемлекетіміздің әлемдік аренада өзіндік орны қалыптасып, озық елдермен иық теңестіріп отырғаны-халқымыздың бірлігі мен татулығының, ұлт болашағына сенім артқан саясаттың нәтижесі екені даусыз. Бұл жетістіктердің артында ең алдымен – сапалы білім мен саналы тәрбие алған, заманауи көзқарасты, ұлттық рухты бойына

сөйлеу, сахнада өзін еркін ұстау және әдеби талғамын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған байқау жоғары деңгейде өтті деп толық сеніммен айтуымызға болады.

Байқауға еліміздің әр өңірінен келген дарынды оқушылар қатысып, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін нақышына келтіре оқып, өз өнерлерін паш етті. Сайыс нәтижесінде, Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің 2-сынып оқушысы Жұпарбек Бірханым өз дарынымен дараланып, көркемсөз шеберлігімен

қауға үлкен жауапкершілікпен дайындаған Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі әрі жетекшісі-Ауелбекова Айнар Нағашыбековна ұстаздың қажырлы еңбегін де атап өткен жөн. Байқау ұйымдастырушылары тарапынан ол арнайы Құрмет грамотасымен марапатталды. Ұстаз еңбегінің еленуі – барша ұстаздар қауымына көрсетілген құрмет пен шабыт болмақ.

Абай-тек қазақ халқының ғана емес, барша адамзат баласының рухани асыл қазынасы. Оның шығармаларындағы даналық, тәрбиелік мазмұн бүгінгі ұрпақ үшін де аса маңызды. Мұндай байқаулар жас ұрпақтың бойында ұлтқа деген сүйіспеншілікті оятып, рухани дүниесін байытып қана қоймай, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға ретінде өсіп-жетілуіне ықпал етеді.

Ұлтты ұлт ретінде танытатын –оның тілі, әдебиеті, мәдениеті. Осы үш құндылықты жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, біз олардың бойында ұлттық сана мен елжандылықты қалыптастырамыз. Сондықтан да осындай мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары шаралардың саны артып, ауқымы кеңейе берсе, нұр үстіне нұр болары анық.

Жас дарындардың табысы-елдің табысы. Олардың жетістігі-мемлекет болашағының жарқын болатынына деген сенім. Ендеше, рухани құндылықтарды ұлықтап, Абайдай алып тұлғаны ұлттың, сөз өнеріне бет бұрған өрендеріміздің бағын ашып, оларды қолдауға әрдайым дайын болсақ жас ұрпақтың Ұлы даналарымызды дәріптеп биік шыңға жеткізері анық!

Еркебұлан СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Созақ үні газетінің штаттан тыс тілшісі.



сіңірген жас ұрпақ тұруы тиіс.

Осы ретте, жас дарындарды қолдап, олардың қабілеттерін шыңдауға бағытталған іс-шаралардың маңызы айрықша десек артықтық емес. Түркістан қаласында өткізілген халықаралық көркемсөз оқу байқауы-соның айқын көрінісі. «Ақсұңқар» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен бұл байқау ұлтымыздың ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналды. Жас жеткіншектерге Абай мұрасын насихаттап, көркем

қазылар алқасын тәнті еткен болатын. Әдебиетке деген сүйіспеншілігін жас та болса жүрекпен сезіндіре білген Бірханым байқауда жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 2-орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, ол Алматы қаласында өтетін «Абай оқулары» байқауының келесі кезеңіне жолдама иеленіп, туған мектебі мен ұстаздарының, ата-анасының зор үмітін ақтады.

Оқушының бұл жетістігі, әрине, оның талпынысы мен тынымсыз еңбегінің жемісі десек, сонымен қатар оны осы бай-

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев